

**1. Көнерген сөзді белгілеңіз .**

- A) Барымта .
- B) Ғарышкер .
- C) Өзен .
- D) Жеделхат .
- E) Хайуанат

**2. Бірыңғай қатаң дауыссыз дыбыстан тұрған сөзді табыңыз .**

- A) Раушан, Қанат.
- B) Қатша, Қатипа.
- C) Кәрім, Камила.
- D) Рәшид, Есет.
- E) Жанар, Үміт.

**3. Тек бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.**

- A) Ақша.
- B) Орындық.
- C) Осман.
- D) Гүлнұр.
- E) Тотықұс.

**4. Түбір сөзді табыңыз.**

- A) Қу, иісшіл.
- B) Түлкі, айлакер.
- C) Тас, арбакеш.
- D) Түн, көл.
- E) Кітап, оқушы.

**5. Қайталама қос сөзді белгілеңіз.**

- A) Кәрі-жас.
- B) Алыс-жақын.
- C) Қызыл-шақа.
- D) Орынды-орынсыз.
- E) Құрт-құмырсқа.

**6. Біршама тиянақты ойды білдірген синтаксистік бірліктің не екенін анықтаңыз.**

- A) сөз тіркесі.
- B) Сөз.

- C) Тұрақты тіркес.
- D) Сөздерің байланысу түрі.
- E) Сөйлем.

**7. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.**

- A) Оқта-текте, ләм-мим.
- B) Сағыну, сағынбау.
- C) Қоқан-лоқы көрсету, қорқыту.
- D) Жанын жалдау, көлік жалдау.
- E) Жас, жастық, жастан.

**8. Фразеологизмді табыңыз.**

- A) досын көру.
- B) Түймесі түсу.
- C) Тісті жұлу.
- D) Жұлдызы қарсы.
- E) Алысқа кету.

**9. Туынды сын есімдерді көрсетіңіз.**

- A) Ақ боз ат, ақсақал.
- B) Мүлдем, нағыз.
- C) Күні- түні, ертелі-кеш.
- D) сарт - сұрт, шыр-пыр.
- E) Айнымалы, қаңтарулы.

**10. Септік жалғаулы сан есімді табыңыз.**

- A) Жазшының талантына табынушылар мыңдап саналады.
- B) Бұл жолы 8- қатарда отыр екен.
- C) Оқушылар 10 - 15- тен екіге бөлінді.
- D) 20 - 30 - дай жылқысы бар.
- E) Алтау ала болса, ауыздағы келеді.

**11. Сілтеу есімдіктерінің септелген түрін көрсетіңіз.**

- A) Соған, онысына.
- B) Осылар, мыналар.
- C) Бірдей, кейбір.
- D) Мен, сен.
- E) Осы, бұнымыз.

**12. Заттанған есімшені көрсетіңіз.**

Мақсат көп оқығанды жақсы көреді.

- A) Оқығанды.

- B) Көреді.
- C) Көп.
- D) Жақсы.
- E) Мақсат.

**13. Мезгіл үстеуін табыңыз.**

- A) Тұс-тұсында.
- B) Әдейі.
- C) Әбден.
- D) Осыншама.
- E) Ертеден.

**14. Етістіктен жасалған туынды еліктеу сөзді белгілеңіз.**

- A) Өйткені.
- B) Домалаң.
- C) Туралы.
- D) Ту.
- E) Ойпыр-ай

**15. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Охой, өмір десеңізші.
- B) Ақан ақшасын көрсеткеннен кейін ғана болды.
- C) Сырын білмес аттың сыртына жүрме.
- D) Күн жерден бірнеше есе үлкен.
- E) Төменде тәкаппар теңіз көсіліп жатыр.

**16. Зат есімді тіркесті табыңыз.**

- A) Он жеті мың.
- B) Оқыған менмін.
- C) Күміс білезік
- D) Сағын сындырды.
- E) Ол жазып отыр.

**17. Бірыңғай мүше түрін белгілеңіз.**

Айтарың да, тапсыраың да, өтініштерін де мол екен.

- A) Толықтауыш.
- B) Баяндауыш.
- C) Анықтауыш.
- D) Пысықтауыш.
- E) Бастауыш.

**18. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Хан жобыққа шығуға жарлығ берді.
- B) Хан сол жерде бітімге келеді.
- C) Жүрегім аузыма тығылды.
- D) Айлы түн. Жарқыраған жұлдыздар.
- E) Бетім ду етті.

**19. Іс-қағаздары мәтінінің стилін анықтаңыз.**

- A) Әңгімелеу.
- B) Бейнелеу.
- C) Суреттеу.
- D) Кескіндеу.
- E) Баяндау.

**20. Кейінді ықпал заңдылығына байланысты сөзді табыңыз .**

- A) Ұшқышсың.
- B) Қызыл қоңыр.
- C) Әлдеқашан.
- D) Кескіндеу.
- E) Ешқашан.

**21. Көмекші есімді сөз - сөйлемнің мүшесі, анықтаңыз.**

Қарағайдың түбіне күн сәулесі түспейді.

- A) Бастауыш.
- B) Пысықтауыш.
- C) Анықтауыш.
- D) Толықтауыш.
- E) Баяндауыш.

**22. Түсіндірмелі салалас сөйлемді көрсетіңіз.**

A) Жайлаудың көлдеріне сене беруге болмайды, құрғақшылық жылы олардың көбі тартылып қалады.

B) Сережа өлеңінің балаларға әсер еткендігі сонша - олар әлгі партизан шалды көз адарында шын көріп тұрғандай болды.

C) куш - білімде, шешендік - тілінде.

D) Бұл жерде не сен тұрасың, не мен тұрармын.

E) Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естігенің айтар.

**23. Оқшау сөзі жоқ қатарды белгілеңіз.**

A) Әй, оқығанның аты оқған гой.

B) Ғафу етіңіз, Қожеке, мен жаылыс сөйлеппің.

C) Қожаны қоршап, әрқайсысы өз долбар жобаларын ортаға салды.

- D) Е-е-ей! Тоқ адам аш адамның халін қайдан түсінсін!
- E) Қожеке, оқымыстының ишараттарын қалай оңай ұға қойдыңыз?

**24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.**

- A) Жасылкөл беті тербеле толқып кеткендей еді.
- B) "Ең қызығы, - дейді Қодар, - тындағы көтеріліп жатқан жерлерге күндіз емес, түнде қарау".
- C) Күмбездің маңдайшасындағы арабша "Қарлығаш би" дегенді оқып, таңғалған.
- D) "Қозы Көрпеш" жыры қай заманда шықса да, Жетісу топырағында туған сияқты.
- E) Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзің Хакім де есіді, бірақ бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ.

**25. Тырнақшаның қойылу себебін анықтап, дұрысын табыңыз.**

- A) Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,
- B) Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай.
- C) Жортады желмаядай шал кеңеске,
- D) «Осылай болған екен, шырағым-ай».
- E) Өлең ішіндегі төл сөз